«Бекітемін»
Абай атындағы мәдени-
демалыс кешенінің директоры
_____ А.А.Кулбаев

Мәдениет саласының үздігі, термеші
Малаева Аққенже Өмірбайқызының
«Өнерім-өмірім, Мәдениет-серігім» атты
шығармашылық концерті

Қазақстан Республикасының Мәдениет саласының үздігі, әнші-термеші, жыршы - Малаева Аккенже Өмірбайқызының 60-жыл мерейтойына арналған концерттік бағдарлама:

Өтетін орны: **Абай ат. МДК, үлкен зал**

Бас шымылдық жабық. Көрермендер үлкен залға кіру бағыты басталғанда, Аккенже Өмірбайқызының үн таспасында орындалған әндердер жүргізіліп тұрады.

Фанфар:

Ең басты сахна шымылдығы ашылады. Сахнада оркестр құрамы және «Тенериф» вокалды студиясы. ***Фоновый дауыста*** **Сахнада ҚР Мадениет саласының үздігі Аккенже Малаева.**

1. **Халық термесі**

Жүргізушілер: (Сахна сыртынан) Аккенже Малаева және де *Есір Айшуақұлы атындағы оркестр құрамы мен «Тенериф» вокалды студиясы.*

2. **(1 шығарма оркестр орындайды.)**

Жүргізушілер сахнаға шығады. *(Сол кезде, сахнадан барлық құрылымдар жиналады.)*

Жүргізуші: Тілекқабыл; Армысыздар өнер сүйер қауым!

Жүргізуші: Маржан; Бүгінгі кештің қадірлі көрермендері қош келдіңіздер! Өнерді қастерлей білетін Баршаңызды бүгінгі кеште көргенімізге қуанытымыз!

Ия, ағайын өнердің де, өзіндік мәнерімен өрілетін шежірелік мағыналы туындыларды жаңғыртып жүрген, ұлы тумаларымыздың ұстазы 60 жасқа келіп жатса шәкірттері де ізін жалғастырып келеді.

Жүргізуші: Тілекқабыл; Ия, Маржан Төкенқызы сіздердей осы Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде ұстаздар тұрғанда біз қалай марқаймаймыз.

Жүргізуші: Маржан; Ендеше, осы Аккенже Өмірбайқызының шағын ғана бейне көрсетілімде өткен шақтағы өмірбаянын көрсек қалай болады.

Жүргізуші: Тілекқабыл; Дұрыс айтасыз ол апайдың өткен өмірін менде көргім келіп тұр.

ЛЭД-экранда 1-ФИЛЬМ көрсетіледі Өмірбаян

«Өнері мен ұстаздығы әкесі мен анасынан дарыған Аккенже Өмірбайқызы 1965 жылы, ақпан айының 5- де әндетіп Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленин совхозында дүниеге келсе керек. Ол өсе келе 5 жасынан бастап өте зерек ән айтып, мектепте оқуғада дайын болды. Сол мектепте 4 жыл оқып әкесі Өмірбай Сармағанбетұлы өзінің туған жері Маңғыстауға көшуге бет бұрды. Міне Маңғышылақ станцасында 1976 жылдан бастап № 86 орта мектепте білім алып 1981 жылы 10 сыныпты тәмамдады. Осы жылдар арасында мектеп ішінде өтетін барлық іс-шараларға қатысып, өз қабілетін көрсете білді.1981 жылы күз айында Маңғышылақ стансасында әскер қатарына шақырлатын әскери бөлімшеде хатшы қызметін атқарды. 1982 жылы Ақтау қаласы № 194 СПТУ училищесінде дүкен қызметкері, сатушы мамандығын бітіріп 2 жылдай қаламыздың «Қаракөз» және Қызыл –төбе елді мекен дүкенінде сатушы болып жұмыс жасады. Ия ең ғажайып енді басталды, ертегідей болды.Демалыс күндері қой бағып, кілем тоқып,жұмыс жасап, анасының сырқатына қарау болып жүрген Аккенженің арманы орындалғандай болды. Анасы марқұм өлер алдында жолдасына кенже қызының арманын орындауды аманат еткен болатын. Күндердің бір күнінде ағайын, Оразай есімді құрбы болып жүрген досынан жақсы қуанышты хабар келді. Ең қызығы ол хабарламаға перашки оралған екен. Әкесі үш күннің ішінде барлық документтін дайындап қайдасың Алматы деп Аккенже жол тартып кетіпті. 1985 жылы шілде айында Қазақстан Республикасының цирк және эстрада студиясының белгілі әнші Қазақстан Республикасының Халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиевтың класына оқуға түседі. Міне сол күннен бастап Аккенже өнерге деген сүйіспеншілігі арта түседі. Ол 1987 жылы осы студияны бітіріп, өнер жолын 1988 жылы Ақтау қаласы, Маңғыстаумұнайгаз мекемесінің қарауында «Арман» мәдениет үйіне үйірме жетекшісі болып жұмысқа орналасады. Барлық мұнайшылардың гүліне айналған Аккенже 2 мәрте өнердегі есеп беру концертін өткізді. Ол сол кезден бастап басшысының оң қолы аудармашы, сценарист, режиссер болып 10 жылдай қызмет атқарып еңбек сіңірді. Осы жылдар арасында 1993 жылы ең алғаш Маңғыстау облысында өнер колледжінің дәстүлі әнді жаңғырту бағытындағы ұстаз. 1998 жылы Абыл Тарақұлы атындағы қазақ балалар өнер мектебінде де дәстүрлі әннен дәріс берген. 1998 жылы қаңтар айында сахнада 10 жыл атты есеп беру концерті, 2001 жылы «Қайда менің бақытым» атты ән таспаның түсау кесер концертін өткізді. Марқұм Назгүл Жарылғапқызының шақыруымен 2000 жылы Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінің шығармашылық бөлімнің әдіскері ретінде жұмысқа қабылданды. Көп ұзамай бөлімнің бас маманы, көркемдік бөлімнің басшысы, 2008-2018 жылдар аралығында бас директордың орынбасары дәрежесіне дейін еңбегі мен білімділігінің арқасында үлкен-үлкен белестер мен шыңға жетті. Бүгінде Аккенже Өмірбайқызы сол шәкірттерімен және де бірге оқыған достарымен сіздерге толағай көңілді кеш сыйлайын деп 60 жылдық мерей тойынан шашу шашпақ.»

«Жүрегімнің үнін есті О, ғаламат,
Ата-баба әруағы маған берген аманат.
Осы өнерде сый құрметке бөленген
Ару қызын қолдап жүрген жамағат.

Жаны оның шын бақытқа бөленген,
Өнер десе жан-жағынан терілген.
Егер жігіт «Сегіз қырлы- бір сырлы»,
Болса егер әйел жолы ғажайыптан өрілген.

25 жыл бір салада жүрседе,
Алуан түрлі іс шаралар өрлесе.
Шаршамайды табиғаты жаралған,
Баршаңызға сый құрметін берседе.

Әкесінен дарыған шешендік сөз дамыған,
Әкесінің жолымен бар өнерді қамтыған.
Әрі ұстаз, әрі әнші, режиссер сценарист,
Бүгін міне мерей тойы қуанышпен шалқыған.»

Фильмның соңында сахнаға 6 микрофон шығарылады.

ҚР Мәдениет саласының үздігі Аккенже Малаева және шәкірттері Ақмарал Ерімбетова, Республикалық байқаулардың лауреаты Жігер Бектұрганов шығады. (үшеуі бірге шығады)

3. **«Терме»** - орындайтын Жігер Бектұрганов
4. **Жеті қайқының Кенже Әділдің «Қара өлеңі»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Ақмарал Ерімбетова
5. **Ғарифолла Құрманғалиевтің әні «Сүйген жар»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Аккенже Малаева
6. **Би «»** - орындайтын Халықтық ұжым «Жорға» би ансамблі
7. **Халық әні «Аккербез»** - орындайтын Бакиза Эдельханова *(домбырамен орындайды, курстасы)*
8. **«Шымыр»** - орындайтын Бакиза Эдельханова *(домбырамен орындайды, курстасы)*
9. **Тоқтар Серіков. «Біздің сезім мәңгілік»** - орындайтын Құрманғазы және Базархан Ашықовтар және Халықтық ұжым «Айша қыз» би ансамблі *(эстрада, курстастары)*
10. **Тоқтар Серіков. «Қайран жастық»** - орындайтын Құрманғазы және Базархан Ашықовтар *(эстрада, курстастары)*
11. **Мұхиттың әні «Ак иіс»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Қоянбай Тобақабылов *(домбырамен орындайды, курстасы)*
12. **Ән «»** – орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Қоянбай Тобақабылов *(домбырамен орындайды, курстасы)*
13. **Халық әні «Ақбүлак»** - орындайтын Асия Ержанова және Халықтық ұжым «Айша қыз» би ансамблі *(эстрада, шәкірті)*
14. **Халық әні «Ақсұнқар»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Аккенже Малаева *(домбырамен орындайды)*
15. **Қалқаның әні «Қалқа»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Аккенже Малаева *(домбырамен орындайды)*
16. **Би «»** - орындайтын Халықтық ұжым «Жорға» би ансамблі
17. **«Танго»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Аккенже Малаева және үлгілі ұжым «Ритм Гейлз» би ансамблі *(эстрада)*
18. **«Ақсұрат»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Ақмарал Ерімбетова *(эстрада, шәкірті)*
19. **Маржан Арапбаева. «Жүгіріп, жүгіріп таппаймын»** - орындайтын Асия Ержанова *(эстрада, шәкірті)*
20. **Халық әні «Балжан»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Аккенже Малаева және үлгілі ұжым «Колибри» би ансамблі *(эстрада)*

21. **Әскербек Еңкебаев. «Ғажайып сыр»** - орындайтын ҚР Мәдениет саласының үздігі Аққенже Малаева және үлгілі ұжым «Колибри» сән театры *(эстрада)*